Бекітілді ________
«Ақбөбек» МДҰ
меңгерушісі : А.Е. Нуржанова

**«Ақбөбек» мектепке дейінгі ұйымы.**

# «ЖҰЛДЫЗ» КІШІ ТОБЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

2021 -2022 оқу жылы

**«Жұлдыз» кіші тобы**

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**

**2021 жыл, қыркүйек айы**

**Өтпелі тақырып « Балабақша»**

**Мақсаты:** Балаларда әлеуметтік дағдыларды, мектепке дейінгі ұйымға, топқа, балалар мен ересектерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыру.

| апта | **«Денсаулық»-3**<br>Дене шынықтыру-3 | **Коммуникация-1**<br>Сөйлеуді дамыту-0,5<br>Көркем әдебиет -0,5 | **Таным- 2**<br>Сенсорика-0,5<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану-1 | **Шығармашылық- 3**<br>Сурет салу-1,<br>Мүсіндеу-0,25<br>Жапсыру-0,25;<br>Музыка – 1,5 | **Әлеумет-0** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-апта | **Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)**<br>1.Тәрбиешініңартынан баяу жүру. Бірқалыпты жүгіру.<br>**Қимылды ойын:** «Балабақшаға барамыз»<br>2.Шеңбер бойымен қол ұстасып жүру.<br>Бірқалыпты жүгіру.<br>**Қимылды ойын:** «Топта шар үрлейік»<br>3. Алаңның бір шетіне доптың артынан баяу жүру.<br>Бір орында тұрып қос аяқпен секіру.<br>**Қимылды ойын:** «Балабақшадағы көңілді доптар» | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Шалқан» (ертегі)**<br>Мақсаты: Шалқан ертегісінің кейіпкерлерін қарапайым түрде бейнелей алады. | **Сенсорика**<br>**Тақырыбы: «Ойыншық құлыншақтың жолы»**<br>Мақсаты: Балаларға құлыншақтың жолын жасау үшін, берілген пішіні бойынша біркелкі заттарды топтастыра алады.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Топтағы гүлдер»**<br>Мақсаты: Бөлме өсімдіктеріне қамқорлық жасауды біледі, гүлдердің түстерін ажырата алады. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Балабақшадағы әдемі бояулар»**<br>Мақсаты: Қарындаштардың түстерін ажыратады, түзу сызықтарды жүргізе алады.<br><br>**Музыка-2 сағат**<br>**Тақырыбы:** «Біздің балабақшамыз»<br>**Мақсаты:** Музыканы тыңдауға, әннің мағынасын түсінуге қалыптастыру.<br>Ән тыңдау: «Біздің балабақшамыз» (Т.Молдағалиев, Н.Тілендиев).<br>**Әуенді ырғақты қимыл-ойын:** «Жүреміз, жүгіреміз» Г.Абдрахманова | Балабақша-ның күн тәртібіне бейімделу-леріне жағдай жасау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2-апта | **Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)**<br>1. Жұптасып жүруге дағдыландыру.<br>Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіру.<br>**Қимылды ойын:** «Менің досым»<br><br>2.Шеңбер бойымен жұптасып жүру.<br>Қонжыққа дейін еңбектеу.<br>**Қимылды ойын:** «Кім жылдам?»<br><br>3.Допты қос қолдап лақтыру.<br>Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіру.<br>**Қимылды ойын:** «Ақ қоянмен бірге» | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Біздің топ»**<br>**Мақсаты**: Балалар топ бөлмелерін атайды, зат есімдерді қолданып заттарды сипаттай алады. | **Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Доп»**<br>**Мақсаты:**<br>Қағаз қиындыларынан допты пішініне қарай құрастыра алады.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Қанатты достар»**<br>**Мақсаты:** Балалар балабақша ауласындағы құстарды (торғай, көгершін, қарға) біледі, оларға қамқорлық жасайды. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Көңілді жол» (екі түсті бояумен жол салу)**<br>**Мақсаты:**балалар қарындаштарды дұрыс ұстай біледі, екі түсті бояумен түзу сызық сала алады.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Бала бала баламыз»**<br>**Мақсаты:** Көңілді әнді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Әннің мағынасын түсіну. Ән айтуға қызығушылықты дамыту.<br>Ән тыңдау: «Бала, бала, баламыз» Б.Қыдырбекова<br>**Әуенді ырғақты қимыл-ойын:** «Сенің атың кім?» муз: А.Айтуова<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Досымның доптары»**<br>**Мақсаты:** Дайын үлгіні қағаз бетіне орналастырады және орындалған жұмысқа қуана біледі. | Сәлемдесу және қоштасу әдептерін үйрету.<br>Топтағы балалармен бірігіп ойнауға тәрбиелеу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3-апта | **Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)**<br>**1**.Бір бағытпен жүре отырып, кедергіден (жіп) аттап өту.<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Ойыншыққа жету»**<br><br>2. Кілем бойымен допты қос қолмен ұстап жүріп өту. Жіптің астынан еңбектеп өту (биіктігі 30-40 см)<br>**Қимылды ойын**:<br>«Сызықты баспай, көжекке жет»<br><br>3. Қарқынды өзгерте жүру және жүруден жүгіруге ауысу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Қонжыққа қарай жүгірейік | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісі**<br>**Мақсаты:** Балаларертегі тыңдауға қызығушылық танытады, ертегі кейіпкерлеріне жанашырлық білдіре алады. | **Сенсорика**<br>**Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған моншақтар»**<br>**Мақсаты:** Балалар әр түрлі геометриялық бөлшектерді бауға тізбектейді және оларды түсі, көлемі, өлшемі бойынша ажырата алады.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Менде қандай ойыншық бар?»**<br>**Мақсаты:**Балалар жануарлардың дене бөліктерін (танау, құйрық, аяқтар) ажыратып, атай алады. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Балабақшаға баратын жол»**<br>**Мақсаты:**Балалартүзу сызықтарды жүргізеді, жол бейнесін парақ бетіне орналастыра алады.<br><br>**Музыка-2 сағат**<br>**Тақырыбы:** «Менің сүйікті ойыншықтарым»<br>**Мақсаты:** Әннің мағынасын түсінуді қалыптастыру. Әннің сөздері мен жеке буындарын айтып үйренуді қимылмен үйлестіру.<br>**Ән айту**: «Ойыншықтар» И.Нүсіпбаев<br>**Әуенді ырғақты қимыл-ойын:**<br>«Қуыршақ сөйлейді»<br>Қимылды ойын | Ойыншық-тармен ойнауға қызығушылықтарын арттыру |
| 4-апта | **Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)**<br>**1.**Бағытты өзгерте отырып жүру. Заттардың арасымен шеңбер бойынша жүгіру.<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Қызыл, сары орындықтар»**<br><br>2.Жіптің бойымен жүру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Менің ойыншығым»**<br>**Мақсаты:**<br>Ойыншықтарды сипаттайды, олардың атауларын зат есімдерді қолданып дұрыс дыбыстай алады. | **Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Үстел»**<br>**Мақсаты:**Балалар текшелермен кірпіштерді үйлестіріп, пішіні, түсі көлемі бойынша топтастырып таңдай алады.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Балабақша ауласындағы ағаштар»** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Досыма орындық»**<br>**Мақсаты:** Балалар бейнелеу әрекетіне қызығушылық танытады, үстелге ұқсас дөңгелек, ұзын пішіндерді бейнелей алады.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Бесік жыры»**<br>**Мақсаты:** Баяу және көңілді әндерді ажырата білуге үйрету,әуендердің бейнелік сипатын түсіну. | Балаларды өздерінің төсек орнын, киім шкафын танып ажырата білуге үйрету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Лентамен еденде 10 см кашықтықта (екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру.<br>**Қимылды ойын:** «Жолыңмен жүр»<br><br>3. Шеңбер бойымен бағытты өзгерте отырып жүру. Еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу.<br>**Спорттық іс-шара: «Орындығыңа тез жет»** | | **Мақсаты**: Балалар балабақша ауласындағы ағаштардың атауларын дұрыс қолданады. | **Ән тыңдау**: «Әлди-әлди» қазақ халық әні.<br>**Әуенді ырғақты қимыл-ойын:** «Орындықта отырып билейміз»<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Түрлі –түсті доптар»<br>Мақсаты:Ермексаздың қасиеттерін біледі, бірдей және түрлі көлемді шарларды біріктіру жолдарымен мүсіндей алады<br>. | |